21747658906

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 2 тамыз №4360-24-00-2/1452 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында Б.Б.Уалиханның отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жедел әрекет ету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Мелдебекова А.Г.» атауымен әрекет етуші Асем Галымжановна Мелдебекова

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«IT Space» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ЖАУАПКЕР ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
Молдабеков Мақсат Ғалымұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Аудармашы Д.Жүнісов
Прокурор Л.Сырбайқызы
Талап қоюшы өкілі М.К.Садыбаев
Жауапкер өкілі С.Азаматұлы
Үшінші тұлға М.Ғ.Молдабеков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) арасында 2024 жылғы 9 ақпандағы №11555610-ЗЦП1 «Баға ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары

негізінде 2024 жылғы 12 ақпанда №2024/3 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарты (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың 2.1-тармағына және 1 және 2-қосымшаларға сәйкес, жауапкер 9 800 000 теңгеге «Көмек109» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне техникалық қолдау көрсету бойынша» қызметтерді Шарт аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін көрсетуге міндеттенген.

Жауапкермен Шарт талаптары тиісінше орындалмауына байланысты талап қоюшы 2024 жылғы 20 наурызда Шартты біржақты бұзатыны туралы хабарлама жіберіліп, 2024 жылғы 21 наурызда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрап талап қоюмен сотқа жүгінген.

2024 жылғы 19 сәуірде Шарт біржақты бұзылған.

Жауапкер талап қоюды мойындамай, сотқа жазбаша қарсы пікірін ұсынып, Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға әрекеттер жасағанын, алайда «Көмек109» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі «IT Space» ЖШС-мен жасалғандықтан оған қолжетімділік болмағанын, ал тапсырыс беруші оны қамтамасыз етпегенін көрсетіп, талап қоюды негізсіз деп есептеп, қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін қуаттап, техникалық ерекшелікке сәйкес «Көмек109» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне қызмет көрсету үшін әлеуетті өнім берушіде авторлық куәлік және (немесе) авторлық өнімге айрықша құқықтарды беру туралы шарт болу керек екенін, жауапкер ондай шартқа қол жеткізе алмағандықтан сәйкесінше қызмет көрсете алмағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі және үшінші тұлға М.Ғ.Молдабеков жазбаша қарсы пікірде көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлға «IT Space» ЖШС-не сот отырысы туралы тиісті түрде хабарланғанымен өкілі сотқа дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес істі көрсетілген үшінші тұлға өкілінің қатысуынсыз қарауға ұйғарды.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 09.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.10.2024, судья Елшібеков Б. Е., 30.10.2024
4360-24-3-6/110

орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай, Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жауапкер «Көмек109» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне техникалық қолдау көрсету бойынша» қызметтерді жүзеге асырмаған. Яғни, жауапкермен Шарт бойынша өз міндеттемесі орындалмаған.

Техникалық ерекшеліктің 1-тармағына сәйкес тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіге құқық қабілеттілігіне қатысты талаптар қояды. Әлеуетті өнім беруші оны лицензиямен немесе қызметтің басталуы туралы хабарламамен растайды. Құқық қабілеттілік талабы тек мемлекеттік сатып алу нысанасына жататын қызметке ғана қолданылады. Қазіргі уақытта 109 Бірыңғай байланыс орталығы «Көмек-109» автоматтандырылған жүйесі бойынша жұмыс істейді (Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізу туралы 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 5094 куәлік).

Авторлық куәлік және (немесе) авторлық өнімге айрықша құқықтарды беру туралы шарт әлеуетті өнім берушінің қызметтерді сатуға және орнатуға, техникалық сүйемелдеу мен техникалық қызмет көрсетуге, компьютерлік бағдарламаны жаңғыртуға құқығын растайтын құжат болып табылады.

Сот отырысында анықталғадай, «Көмек109» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне авторлық куәлік «IT Space» ЖШС-не тиесілі болса, жауапкер көрсетілген ақпараттық жүйеге қызмет көрсету үшін авторлық өнімге айрықша құқықтарды беру туралы шартқа қол жеткізбеген, сәйкесінше Шарт бойынша міндеттемелерін орындай алмаған.

Жоғарыда көрсетілгендей, жауапкер міндеттемесін орындамауына байланысты 2024 жылғы 19 сәуірде Шарт біржақты бұзылған, біржақты бұзылуы жауапкермен дауланбаған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2024 жылғы 21 наурызда жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 09.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2024, судья Елшібеков Б. Е., 30.10.2024

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

№2 талап бойынша.

АК-тің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3-тармағында, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының, ал тиісінше орындалмаған жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Жоғарыда анықталғандай, жауапкер өзінің міндеттемесін тиісті түрде орындамауына байланысты, талап қоюшы 11 күнтізбелік күнге (орындау мерзімі туындаған күннен бастап сотқа талаппен жүгінгенге дейін) тиісінше орындамаған міндеттемелер сомасынан 107 800 теңге тұрақсыздық айыбын дұрыс есептеген.

Бүгінгі күні Шарт біржақты бұзылғандықтан тұрақсыздық айыбын ұстап қалу мүмкін емес.

Осы анықталған жағдайда талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру талабы да қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы №1 талап бойынша 1846 теңге, №2 талап бойынша 3234 теңге, барлығы 5 080 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жедел әрекет ету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Мелдебекова А.Г.» атауымен әрекет етуші Асем Галымжановна Мелдебековаңы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мелдебекова А.Г.» атауымен әрекет етуші Асем Галымжановна Мелдебекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 09.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2024, судья Елшібеков Б. Е., 30.10.2024

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мелдебекова А.Г.» атауымен әрекет етуші Асем Галымжановна Мелдебековадан мемлекет кірісіне 107 800 (бір жүз жеті мың сегіз жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 5 080 (бес мың сексен) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е.Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 09.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2024, судья Елшібеков Б. Е., 30.10.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»